

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау бойынша
түсіндіру жұмыстары»

ХАТТАМА №1

Қатысқаны: 25
Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
педагогтар, қызметкерлер

Өткізілген күні: 11.09. 2023 ж
Өткізілген уақыты: 12:30

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру.

1. Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері.
2. Педагогтардың өзарақарым-қатынасыжәнеэтикалықнормалардысақтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мазмұны:

Меңгеруші м.а С.С.Баймагамбетова педагогикалық әдеп ережелері туралы түсінік беріп, олардың маңыздылығын атап өтті. Әдеп ережелері педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыруға және балаларға үлгі болуға негізделген. Әрбір педагог қарым-қатынас барысында құрмет, әдептілік, сабырлылық танытып, этика талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

Кәсіподақ төрайымы Ж.О.Тлеумаганбетова педагогикалық әдептің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі туралы баяндама жасады. Педагогтардың әр әрекеті баланың дамуына әсер етеді, сондықтан олардың мінез-құлықтары мен сөйлесу әдебі үлкен мәнге ие. Ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық, түсіністік және ынтымақтастық принциптері сақталуы керек.

Тәрбиеші Ж.Тулегенова педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың салдары туралы баяндады. әдеп ережелерін сақтамау – мекеменің беделіне зиян келтіріп, балалардың сеніміне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу ұсынылды.

Мазмұны: Барлық қызметкерлердің педагогикалық әдеп ережелеріне сәйкес әрекет етуін

қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Әр педагог өз әрекеті үшін жауапты екенін түсінуі қажет. Тәртіпті сақтау және бір-бірімен өзара сыйластық қарым-қатынасты нығайту басты міндеттердің бірі.

Шешімдер:

1. Барлық педагогтар мен қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.
2. Қызметкерлер арасында этикалық нормаларды түсіндіру бойынша тұрақты түрде семинарлар өткізу.
3. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынасты жақсарту үшін педагогикалық әдебіне арналған тренинг ұйымдастыру.
4. Әдеп нормаларын сақтау бойынша бақылау және талдау жұмыстарын жүргізу.

Отырыс қорытындысы:

Меңгеруші м.а С.С.Баймағамбетова педагогикалық әдеп ережелерінің маңыздылығын атап өтіп, қабылданған шешімдерді іске асыру үшін барлық қызметкерлердің бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажет екенін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.
2. Тәрбиешілер арасында өзара құрметпен әдептілік мәдениетін нығайту шараларын енгізу.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ай сайын бақылау жүргізу.

Төрайым:

Кәсіподақ төрайымы:

Хатшы:



С.С.Баймағамбетова

Ж.О.Тлеумағанбетова

Ж.Ильтаева